



# ҚАЗАҚСТАН ЭКОЛОГИЯСЫ

## ЭКОЛОГИЯ КАЗАХСТАНА

WWW.IACOOS.KZ - WWW.ECOGOSFOND.KZ

№ 4 (063)

2021 ж. сәуір  
апрель 2021 г.ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ - ТАЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ  
ИНФОРМАЦИОННО-АНАЛИТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ

САНЫНДА / В НОМЕРЕ:

### ЭКОЛОГИЯ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАСШЫСЫ КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕЛШІСІМЕН ЕКІЖАҚТЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ КҮШЕЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрі М.Мырзағалиев Корей Республикасының Қазақстандағы Елшісі Ку Хонг Сок мырзамен кездесті.



Кездесу барысында су және орман шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау салаларындағы екіжақты ынтымақтастықтың, сондай-ақ Қазақстанның Дүниежүзілік жасыл өсу институтына (GGGI) кірудің өзекті мәселелері талқыланды.

Тараптар Оңтүстік Кореяның су менеджменті саласындағы табысты тәжірибесін ескере отырып, сумен жабдықтауды цифрландыру саласында корейлік «K-Water» компаниясымен өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қою туралы келісімге келді. Бұл Меморандум Нұра топтық су құбыры нысандарын ауыз сумен қамтамасыз ету процестеріне цифрландыру және автоматтандыру технологияларын орнату бойынша жобаны іске асырудың негізін қалайды.

Сондай-ақ, министр корей тарапына биоалуантүрлілікті сақтау қорымен және Корей Республикасының Орман қызметімен ынтымақтастық аясында «Қызылорда облысындағы Арал теңізінің құрғаған табанын Фито-орманды қалпына келтіру» жобасын іске асырғаны үшін ризашылығын білдірді.

Сонымен қатар, министр Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік жасыл өсу институтына (GGGI) кіруінің маңыздылығын атап өтті. Өз кезегінде Корей Республикасының Қазақстандағы Елшісі Ку Хонг Сок қазақстандық тарапты 2021 жылдың мамырында онлайн форматта өткізу жоспарланған «2030 жылға дейінгі жасыл даму және жаһандық мақсаттар үшін әріптестік» атты екінші Саммиттің қатысуға шақырды.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың тапсырмасын орындау мақсатында Министр Қазақстан Республикасының аумағында 2 млрд. ағаш отырғызу мәселелері бойынша қосымша кездесу өткізуді ұсынды.

Кездесу қорытындысы бойынша министр М.Мырзағалиев пен Корей Республикасының Қазақстандағы Елшісі Ку Хонг Сок экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу, консультативтік



қызметтер мен техникалық қолдау көрсету тәжірибесімен алмасу бойынша ынтымақтастықты жандандыруға келісті.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайты.

### ҚАЗАҚСТАНДА КЛИМАТ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ АЙМАҚТЫҚ ХАБЫН ҚҰРУ ҰСЫНЫЛДЫ



Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев мұндай ұсынысты АҚШ Президентінің климат бойынша арнайы өкілімен өткен Климат бойынша көшбасшылар Саммиті аясындағы дөңгелек үстел кезінде айтты. Бұл жөнінде ол Twitter парақшасында хабарлады.

«АҚШ Президентінің климат бойынша арнайы өкілімен өткен Климат бойынша көшбасшылар Саммиті аясындағы дөңгелек үстелге қатыстым. Еліміздегі көмірді бейтараптыққа жетуге бағытталған шаралар жөнінде айттым. Жаңа Экологиялық кодекстің нормалары неғұрлым әлсіз секторлардың климаттың өзгеруіне бейімделу үрдісіне жүзеге асыруға қолайлы жағдай туғызатынын атап өттім. Сонымен бірге еліміздің АҚШ-тың жасыл қаржыландыру гранттық

бағдарламаларына қатысуға дайын екенін жеткіздім. Бұл елдің 2050 жылға дейін төменкөміртекті даму Тұжырымдамасына сәйкес терең декорбанизация бойынша неғұрлым жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін қажет. Аталған шаралар шығарындылар көлемін 71%-ға төмендетеді», - деп жазды ведомство басшысы.

Бұдан бөлек министр Қазақстан климаттың өзгеруі саласында ғаламдық күн тәртібін қолдауға әрқашан дайын екенін жеткізген. «Жалпы Қазақстан ТМД бойынша Париж келісімін бірінші болып ратификациялады, сонымен қатар біздің еліміз Орта Азияда «жасыл экономика» бойынша көшбасшы

саналады. Сондықтан Қазақстанда климат мәселелері бойынша Орталық Азияның Аймақтық хабын құру туралы бастама көтердім. Хабың жұмысы арқылы Орталық Азияда «жасыл» экономикалық өсімді қамтамасыз етіп, технологиялармен, білім және тәжірибемен алмасуға болады. Халықаралық қаржы институттарынан қолдау табуға мүмкіндік бар. Қазақстан климаттың өзгеруі саласында ғаламдық күн тәртібін қолдауға әрқашан дайын», - деп жазды министр.



ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайты.

### США ПОДДЕРЖИВАЮТ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАЗАХСТАНА ПО КЛИМАТИЧЕСКИМ ВОПРОСАМ

Казахстан и США обсудили вопросы борьбы с изменением климата. В частности, США намерены оказать содействие в решении проблем Аральского моря, достижении Казахстаном углеродной нейтральности, а также в реализации совместных проектов.

Об этом шла речь на онлайн-встрече Специального представителя Президента РК по международному сотрудничеству Ержана Казыхана и министра экологии, геологии и природных ресурсов РК Мағзұма Мырзағалиева со Специальным представителем Президента США по климату Джоном Керри.

Казахстанские представители проинформировали о принимаемых мерах по достижению углеродной нейтральности, нормах нового Экологического кодекса, а также подчеркнули, что, несмотря на обилие традиционных энергетических ресурсов, Казахстан глубоко привержен целям Парижского соглашения.

Кроме того, была выражена заинтересованность в расширении сотрудничества с США в рамках международных программ по «зеленому» финансированию.

Дж. Керри высоко оценил деятельность Казахстана в решении вопросов борьбы с изменением климата, а также отметил цели и задачи, изложенные Президентом К.-Ж.Тоқаевым в ходе Саммита климатических амбиций в декабре прошлого года.

Учитывая, что Казахстан первым в СНГ ратифицировал Парижское соглашение и является лидером среди стран Центральной Азии по развитию «зеленой экономики», министр экологии Мағзұм Мырзағалиев во время встречи озвучил инициативу по созданию в стране Регионального хаба Центральной Азии по климатическим вопросам. «Деятельность Хаба могла бы быть направлена на объединение усилий стран региона в обеспечении «зеленого» экономического роста, трансферт «зеленых» технологий, обмен знаниями и привлечение «зеленого» финансирования со стороны международных финансовых институтов», - подчеркнул он.

В данном контексте Спецпредставитель Президента США назвал многообещающим направлением производство зеленого водорода в качестве альтернативы традиционным источникам энергии.

Казахстанской стороной была выдвинута инициатива о проведении встречи министров экологии в формате C5+1 в г.Туркестане осенью текущего года. Данная инициатива была поддержана американской стороной и отмечена важность активизации работы в рамках регионального диалога.

В ходе беседы была затронута тема реабилитации Аральского моря и другие экологические проблемы в Казахстане и регионе Центральной Азии.

Американским партнерам был презентован инвестиционный потенциал страны и предложен ряд проектов для совместной реализации в области геологии, зеленой энергетики и новых технологий.

Предложенные инициативы были положительно восприняты американской стороной. По итогам встречи стороны договорились продолжить совместную работу в данном направлении.

Официальный сайт Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК.

### КАК ПРИЛОЖЕНИЕ «AGRODATA» ПОМОГАЕТ ФЕРМЕРАМ ПЛАНИРОВАТЬ ПОСЕВНУЮ КАМПАНИЮ

О прогнозах на период проведения посевных работ, приложении «AgroData» и эффективности использования доступных данных в сельскохозяйственном производстве шла речь в ходе прямого эфира на странице Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК в Facebook.

Директор Департамента агрометеорологического мониторинга и прогнозирования РГП «Казгидромет» Нонна Лоенко рассказала, что, согласно прогнозам на 2021 год, запасы продуктивной влаги в почве перед началом весенне-полевых работ в ряде регионов ожидаются оптимальные:

«В частности, в Акмолинской области - в Астраханском, Атбасарском, Егиндыкольском, Зерендинском и Целиноградском районах, Костанайской области - в районах Беимбета Майлина, Сарыкольском и Костанайском, Северо-Казахстанской - в районах им. Шал-Ақына, местами в Жумабаевском, Тимирязевском и Жамбылском, Карагандинской области - местами в Бухар-Жырауском и Нуринском районах, Восточно-Казахстанской области - в Глубоковском районе и районе Алтай. На остальной территории республики условия влагообеспеченности почвы удовлетворительные».


Все эти и другие данные размещены в веб-приложении «AgroData», разработанном предприятием и запущенном в октябре прошлого года.

«По поручению главы Минэкологии мы разработали веб-приложение для фермера, сейчас мы работаем над созданием его мобильной версии. Но уже сейчас даже с мобильных телефонов, используя браузер, можно получать данные с приложения. Отмечу, что Казгидромет – это не только прогноз погоды. Здесь разрабатывается целый спектр продуктов, направленных на обеспечение безопасности населения, в том числе продовольственной безопасности», - подчеркнула Нонна Лоенко.

Как отметила директор Департамента, большая часть данных, представленных в «AgroData», были и ранее доступны, но информация размещалась в разных источниках. Новое приложение позволяет получать всю интересующую фермера актуальную информацию в одном приложении.

«Это значительно упрощает доступ к данным и позволяет аграриям использовать их более эффективно. Мы постарались сделать приложение максимально простым и понятным. Вся информация, полезную фермеру, которую Казгидромет может подготовить, не прибегая к дополнительным расчетам под конкретное хозяйство, можно увидеть в данном приложении. Это и фактическая погода по пунктам с обновлением каждые 3 часа, и синоптические и агрометеорологические прогнозы, и фактические данные», - сообщила Нонна Лоенко.

Кроме того, в вегетационный период публикуются суммы активных и эффективных температур по пунктам государственной сети наблюдений и запасы влаги в почве, а в холодный период – информация о



высоте снега и глубине промерзания, которой ранее в открытом доступе не было.

Таким образом, своевременное и правильное применение агротехнологий на основе полученных данных позволяет аграриям планировать посевную кампанию, предотвратить гибель растений, исключив воздействие осадков на обработанные поля.

«Данные о влагозапасах в период весенне-полевых работ играют важную роль при определении оптимальных норм высева сельскохозяйственных культур, выборе глубины заделки семян и внесении удобрений. Это все в конечном счете влияет на урожай», - резюмировала спикер.

Официальный сайт Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК.



**«ЖАНУАРЛАРҒА ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАУ ТУРАЛЫ»  
ЗАҢ ЖОБАСЫ ПРЕЗИДЕНТ ӘКІМШІЛІГІ ДЕҢГЕЙІНДЕ ҚАРАЛДЫ**

Президент әкімшілігінің бастамасымен «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң жобасы талқыланды. Іс-шараға ҚР Президенті Әкімшілігі өкілдері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, ҚР Премьер-Министрі Кеңесінің, экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің және басқа да мемлекеттік органдардың өкілдері, зообелсенділер қатысты.

«Бұл Мемлекет басшысының тапсырмасы және ол Президент Әкімшілігінің ерекше бақылауында. Біздің міндетіміз – жан-жақты пысықталған және тиімді жұмыс істейтін заң алу үшін тапсырманы мерзімінде және сапалы орындау», - деп атап өтті Президент Әкімшілігінің Стратегиялық жоспарлау бөлімі меңгерушісінің орынбасары Олжас Жораев.

Кеңес барысында заң жобасының даулы нормалары егжей-тегжейлі қаралып, жануарлардың мәртебесі және оларды қорғау шаралары талқыланды. Сонымен қатар, ілеспе заң жобасын іске асыру туралы да сөз болды. Парламент Мәжілісінің депутаттары Елдос Абақанов пен Вера Ким заңды уақытылы қабылдау үшін Министрлікпен, мемлекеттік органдармен және зооқорғаушылармен тығыз өзара іс-қимыл жасауға әзір екендіктерін білдірді.

Талқылау қорытындысы бойынша азаматтық сектор мен мүдделі мемлекеттік органдардың пікірін ескере отырып, ҚР Парламенті Мәжілісіндегі жұмыс тобы шеңберінде негізгі және ілеспе заң жобалары бойынша бірлескен жұмыс жүргізу ұсынылды.

Естеріңізге сала кетейік, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы бойынша ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі зообелсенділермен, қоғам өкілдерімен бірлесіп «жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң жобасын әзірледі. Құжатта жануарларға жауапкершілікпен қарауды және оларға адамгершілікпен қарауды қалыптастыруға бағытталған нормалар бар.

*ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайты.*



**ПРОМЕЖУТОЧНЫЕ ИТОГИ АКЦИИ «БЕКІРЕ-2021»:  
ВОЗБУЖДЕНО 20 УГОЛОВНЫХ ДЕЛ ПО ФАКТАМ БРАКОНЬЕРСТВА**



30 марта 2021 года между министерствами экологии, геологии и природных ресурсов, внутренних дел и Комитетом национальной безопасности РК в целях сохранения осетровых и других ценных видов рыб, а также для обеспечения благоприятных условий для их нереста подписан Совместный приказ «О проведении широкомасштабной рыбоохранной акции «Бекіре-2021» на водоемах Жайык-Каспийского бассейна.

С начала акции инспекторами Жайык-Каспийской межобластной бассейновой инспекции рыбного хозяйства совместно с сотрудниками правоохранительных, природоохранных органов и Пограничной службы КНБ РК выявлено и пресечено 360 нарушений природоохранного законодательства, в результате которых к административной ответственности привлечены 210 лиц. Кроме того, 33 материала направлены в судебные органы, возбуждено 20 уголовных дел по фактам браконьерства и незаконного обращения с редкими и находящимися под угрозой исчезновения видами рыб. На нарушителей наложены штрафы на сумму 3,4 млн тенге.

Из незаконного оборота изъято 14,6 тонн рыбы, из которых 551,5 кг осетровых видов, 152 единицы орудий лова, 11 единиц автомобильного и 28 единиц водного транспорта.

В результате ежедневного траления русла реки и морской акватории из водоемов извлечены 438 единиц незаконных орудий лова рыбы общей длиной около 40 км.

Акция продлится до 31 мая 2021 года.

*Официальный сайт Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК.*



**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ - ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ**

**В КАЗАХСТАНЕ ОТМЕЧАЮТ ДЕНЬ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ**



15 апреля – День экологических знаний. Министр экологии, геологии и природных ресурсов РК Мағзум Мирзағалиев на своей странице в Twitter написал пост о значимости этого дня.

«Сегодня во многих странах отмечается День экологических знаний. Это важный день. От уровня знаний и понимания значения этого дня зависит и отношение к экологии, окружающей среде. Необходимо совершенствовать знания в области охраны окружающей среды и реализации стратегии устойчивого развития планеты.

Проведение просветительской работы повышает ответственность граждан, подрастающего поколения, акцентирует внимание на актуальных проблемах экологии», - отметил министр.

Глава ведомства также подчеркнул важность информирования населения о проводимой работе по улучшению экологической ситуации в стране. «На сегодня в Казахстане проводится масштабная работа по решению экологических вопросов, принят новый Экологический кодекс, разрабатывается Концепция низкоуглеродного развития, разработаны Концепции развития экотуризма в национальных парках, работают Дорожные карты по решению эковопросов по регионам. И сейчас важно информировать граждан о принимаемых мерах, так как реализация всех намеченных планов зависит и от участия общественности», - написал Мағзум Мирзағалиев.

*Официальный сайт Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК.*



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚЫЗЫЛ КІТАБЫ ҮШ ЖАНУАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі бүгіннен бастап Қазақстанның Қызыл кітабына жолбарыс Оңтүстік - Батыс Азия қабыланы және керқұлан (Пржевальский жылқысы) кіргенін хабарлайды.

«Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және Құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы № 1034 қаулысына толықтырулар енгізу бұған негіз болды.

Айта кетейік, Алдыңғы Азия қабыланы популяциясының әлемдегі жалпы саны 870 -1, 3 мың басты құрайды, Қазақстанда тек Үстірт мемлекеттік табиғи қорығында ғана кездеседі.

Пржевальский жылқысы жабайы жылқылардың кіші



түрлеріне жатады, жылқы отбасының сирек кездесетін өкілдерінің бірі, елде шамамен 10 шақты данасы бар. Сонымен қатар, бүгінгі таңда Экология, геология және табиғи ресурстары министрлігі Балқаш маңындағы жолбарыстарды қалпына келтірудің 15 жылға арналған бағдарламасын жасады. Ол аңның мекен ету ортасын дайындау, жолбарысты табиғатқа жіберу және бағдарламаның жүзеге асуын бақылау шараларын қамтиды.

Естеріңізге сала кетейік, қазіргі таңда Қазақстанның Қызыл кітабына өсімдіктердің 400-ге жуық түрі мен омыртқалы жануарлардың 133 түрі енген.

**ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайты.**

В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ У БРАКОНЬЕРОВ ИЗЪЯТЫ 865 РОГОВ САЙГАКА

Инспекторами РГКП «ПО «Охотзоопром» Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК совместно с сотрудниками Департамента полиции Западно-Казахстанской области у браконьеров изъяты 865 штук рогов сайгака.

Это стало результатом проведенных совместных рейдовых мероприятий по охране редких и исчезающих видов животных и пресечению нарушений природоохранного законодательства.

В ходе рейда задержаны трое жителей Бокейординского и один житель Жанибекского районов Западно-Казахстанской области, у которых изъяты рога сайгаков.

По данным фактам возбуждены уголовные дела по статье 339 УК РК «Незаконное обращение с редкими и находящимися под угрозой исчезновения, а также запрещенными к использованию видами растений или животных, их частями или дериватами».

**Официальный сайт Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК.**



АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰРҒАҒАН ТАБАНЫНДА СЕКСЕУІЛ ОТЫРҒЫЗУ КӨЛЕМІ АРТАДЫ



Бұл туралы Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев Twitter парақшасында жазды.

«Қызылорда облысына жұмыс сапары аясында Аралдың құрғаған ұлтанында сексеуіл отырғызу жұмыстарын көріп қайттым. Теңіз табанының тұзы мен құмды тұрақтандырудың экологиялық тиімді және қауіпсіз жолы – байырғы өсімдіктер егу. Сондықтан 2008 жылдан бері 195 мың гектардан аса жер аумағына сексеуіл егілген», - деп жазды ол.

Министрдің сөзінше, теңіз табанында сексеуіл егу жұмысының ауқымы одан сайын кеңейеді.

«Аралдағы экологиялық апат аймағы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ерекше бақылауында. Теңіз табанындағы құрғаған жерлерді ормандандыру үшін Мемлекет басшысының 2 млрд ағаш егу тапсырмасы аясында біз 2025 жылға дейін 213 мың гектарға тең аумаққа сексеуіл егуді

жоспарладық. Алайда, бұл көлем де жеткіліксіз деп санаймыз. Сондықтан біз

Арал табанында сексеуіл отырғызудың арнайы бағдарламасын қабылдауға ұсыныс жасап отырмыз. Көршілес Өзбекстан мемлекетімен де осы жұмыс аясында тәжірибе алмасу шаралары жалғасады. Отандық ғалымдармен де бірлескен экспедиция ұйымдастырылады», - деп хабарлады министр.

Мырзағалиев Қызыорда өңіріне жұмыс сапары барысында фитоорманмелиорациялық жұмыстардың қарқынын көріп шықты.

«1 мың гектарға 1,8 млн көшет отырғызылғанын көрдік. Ағаш егу күзде жалғасады. Жұмыс қарқынын одан сайын арттырамыз», - деді Мағзұм Мырзағалиев.

**ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайты.**

В КАЗАХСТАНЕ ПРОВОДИТСЯ АВИАУЧЁТ САЙГАКОВ

В Казахстане проводится авиаучёт сайгаков для выяснения численности вида на территории страны.

Напомним, в 2020 году авиаучёт был отменён в связи с карантинными ограничениями.

Авиаучет ведут сотрудники РГКП ПО «Охотзоопром» совместно с областной территориальной инспекцией Комитета лесного хозяйства и животного мира и научными специалистами Казахстанской ассоциации сохранения биоразнообразия.

Работают две учётные группы инспекторов Охотзоопром: одна - в бетпақдалинской популяции, вторая - в уральской и устюртской популяциях. Учёт включает в себя около 200 лётных часов на вертолёте.

Согласно учетным работам, проведенным в 2019 году, численность сайги в Казахстане составила 334 400 особей. Уже завершён авиаучет сайги на территориях Западно-Казахстанской, Актюбинской и Мангистауской областей (уральская и устюртская популяции), продолжается в Карагандинской и Акмолинской областях по учету бетпақдалинской популяции. Авиаучет сайги планируется завершить до 5 мая 2021 года.

**Официальный сайт Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК.**



ТОПАР КӨЛДЕР ЖҮЙЕСІНДЕГІ БАЛЫҚТАРДЫҢ ҚЫРЫЛУ ФАКТІСІ ЕРЕКШЕ БАҚЫЛАУДА



2021 жылғы 1 сәуірде Балқаш-Алакөл облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясымен әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу барысында Топар көлдер жүйесінде (Алматы облысының Балқаш ауданы) қырылу фактісі анықталды. Осы көлдер жүйесінің су айдындары «Заготпушнина» ЖШС балық шаруашылығы мен «Патриот» АБҚБ субъектілеріне бекітілген.

Мұндай жағдайда өзара іс-қимыл схемасына сәйкес жануарлардың қырылу қаупі және (немесе) өлімі анықталған кезде барлық мүдделі органдар жедел хабардар етіледі.

Балықтың қырылу мән-жайын анықтау мақсатында оқиға орнына Балқаш-Алакөл облысаралық балық шаруашылығы бассейндік инспекциясының мамандары мен «Заготпушнина» ЖШС және «Патриот» АБҚБ қорықшылық қызметінің қызметкерлері шықты. Бұдан басқа, «балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС, Алматы облысы бойынша экология департаменті, ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алматы облыстық аумақтық инспекциясы қызметкерлері зертханалық зерттеулер жүргізу үшін су мен балық сынамаларын алу мақсатында жолға шығады.

Өткізілген іс-шаралардың нәтижелері туралы қосымша ақпарат келіп түсуіне қарай хабарланатын болады. Өңірдегі жағдай ерекше бақылауға алынды.

**ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайты.**



## МИНЭКОЛОГИИ: ПЕРЕГОВОРЫ ПО ВОДОДЕЛЕНИЮ КИТАЙ ВЕДЕТ ТОЛЬКО С КАЗАХСТАНОМ

«Переговоры по водodelению Китайская Народная Республика ведет только с Республикой Казахстан», - сказал вице-министр экологии, геологии и природных ресурсов РК Серик Кожаниязов в ходе брифинга в Службе центральных коммуникаций.

Вице-министр прокомментировал интервью академика Малика Бурлибаева, опубликованное в СМИ, где было заявлено, что КНР не сотрудничает с Казахстаном в вопросах водodelения. «Непонятно, почему Малик Бурлибаев в своих интервью говорит, что руководство Совместной комиссии не прислушивается к мнению авторитетных экспертов. Китай в своей истории до сегодняшнего дня не заключил ни одного международного договора по водodelению ни с одной из 18-ти стран, с которыми имеет трансграничные водоемы. Однако акцентирую внимание на том, что переговоры по водodelению Китай ведет только с нашей страной», - подчеркнул он.

Вице-министр также отметил, что, благодаря достигнутым договоренностям в ходе государственного визита Председателя КНР Си Цзиньпина в Казахстан в сентябре 2013 года, принято решение начать с 2015 года разработку и согласование проекта Соглашения о водodelении трансграничных рек.

«Эта работа ведется в рамках Казахстанско-китайской совместной комиссии по использованию и охране трансграничных рек. Уже проведено 17 заседаний Комиссии. Работа по согласованию проекта Соглашения о водodelении продолжается, несмотря на сложную



эпидемиологическую ситуацию, связанную с пандемией коронавируса. Надо отметить, что работа эта сложная и требует проведения научных исследований», - озвучил Серик Кожаниязов. В работе над документом задействован один из авторитетных научно-исследовательских институтов страны – Институт географии и водной безопасности, в котором работают высококвалифицированные специалисты-водники.

Среди привлеченных экспертов - экс-министр водного хозяйства

КазССР и первый председатель Госкомитета по водным ресурсам в 1991-1995 гг. Нариман Кипшабаев, заместитель Комитета водных ресурсов РК в 2002-2009 гг. Амирхан Кеншимов, ученый-водник с 40-летним стажем работы в отрасли водного хозяйства Александр Калашников, заместитель директора Института географии и водной безопасности Саят Алимкулов.

«Высокая квалификация привлеченных экспертов позволила достичь определенных результатов. Так, уже согласовано 25% текста проекта Соглашения», - сказал Серик Кожаниязов.

Вместе с тем, добавил он, за годы сотрудничества между Казахстаном и Китаем был реализован ряд совместных проектов, таких как строительство совместного объединенного гидроузла на реке Хоргос и реконструкция водораспределительного сооружения на реке Сумбе, которое обеспечивает распределение водных ресурсов этих рек в пропорции 50 на 50. Также имеется договоренность о строительстве совместного водораспределительного сооружения на реке Улкен Уласты. В настоящее время сторонами изучается гидрологический режим этой реки.

«Мы будем продолжать добрососедские и равноправные отношения между нашими странами по водным вопросам», - резюмировал Серик Кожаниязов.

*Официальный сайт Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК.*

## ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІНІҢ ШӨГҮІ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОЛОГИЯ МИНИСТРЛІГІ ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСARTY YШІН ҚАНДАЙ ШАРАЛАР YСЫНАДЫ

Наурыз айының соңында Қазақстан мен Ресейдің табиғатты қорғау ведомстволарының басшылары трансшекаралық Жайық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау жөніндегі шараларды бір арнаға жиыстыру мәселелерін талқылау үшін қайтадан кездесті. Бұл жолы кездесу Орынборда өтті.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев Ресей Федерациясының Табиғи ресурстар және экология министрлігінің басшысы Александр Козловқа өзен бойындағы гидрологиялық жылнамалармен алмасуды ұсынды.

«Жайық өзенінің суы аз болуына байланысты мәселелер біздің су шаруашылығы саласындағы ынтымақтастығымыздың негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Жайық өзенінің таяздану проблемасын шешу және осыған байланысты өзен экожүйесінің жай-күйінің нашарлауы үшін бүкіл бассейнінің су шаруашылығы жүйесін кешенді зерделеу талап етіледі. Осыған байланысты Жайық өзені бойынша гидрологиялық жылнамалармен алмасу тәжірибесін тұрақты

негізде енгізуді ұсынамын», - деді Қазақстан Экология министрлігінің басшысы.

Мағзұм Мырзағалиев мұндай жылнамалардың болмауы қазір байқалып отырған зардаптарға себеп болуы мүмкін екенін атап өтті. Айта кетерлігі, 1981 жылға дейін Жайық өзені бойынша бірінші гидрологиялық жылнамалық, ал 1982 жылдан бастап гидрологиялық жылнамалық ҚазКСР мен РСФСР территориялары бойынша жеке-жеке, ал КСРО ыдырағаннан кейін өз бетінше құрастырылды. Жайық өзенін кезең-кезеңмен сақтау мәселесіндегі тағы бір ұсыныстардың бірі ретінде Ресей тарапымен бірлесіп өзен бассейніндегі кәсіпорындардың бірінші тізілімін жасау және әрбір кәсіпорынның әсер ету деңгейі бойынша талдау жүргізу ұсынылды.

«Жайық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау мен қалпына келтірудің 2021-2024 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша біз өзен бассейнінің барлық су пайдаланушы кәсіпорындарын, олардың 297-ін, ластанушы заттарды төгуді жүзеге асыратын кәсіпорындарды

анықтадық. Бірінші реестр бүкіл өзен бассейні бойынша жағдайдың кешенді көрінісін жасауға мүмкіндік береді», - деді Мағзұм Мырзағалиев.

Сондай-ақ, Қазақстан Экология министрінің пікірінше, кәсіпорындарда айналымды сумен жабдықтау жүйесін, суды тазартудың тиімді жүйесін, ауыл шаруашылығында суды үнемдеу технологиясын енгізу маңызды бастама болмақ.

«Бұл Жайық өзеніне антропогендік жүктемені азайтады», - деп есептейді қазақстандық ведомство басшысы.

Сағаттарды салыстыру үшін Мағзұм Мырзағалиев тараптардың атқарылған жұмыстар туралы есептерін трансшекаралық Жайық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау жөніндегі қазақстан-ресей комиссиясы шеңберінде тұрақты түрде қарауға шығаруды ұсынды.

*ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайты.*

## ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ КАТАСТРОФА ОЗЕРУ БАЛКАШ НЕ ГРОЗИТ

В ходе брифинга в Службе центральных коммуникаций вице-министр экологии, геологии и природных ресурсов РК Серик Кожаниязов прокомментировал информацию, озвученную в СМИ, касательно возможной экологической катастрофы на озере Балкаш.

По словам вице-министра, озвученные сведения не соответствуют действительности.

«Здесь нужно отметить, что за последние десять лет уровень озера не снизился ниже отметки 341 м по Балтийской системе. Ученые на основе многолетних наблюдений и исследований полагают, что оптимальным уровнем для существования озера Балкаш как полноценного водного объекта является именно отметка 341 м по БС» - сказал Серик Кожаниязов.

Он добавил, что при ежегодном притоке в озеро 12 кубокилометров

воды гарантируется его сохранение на стабильном уровне. При этом анализ гидрологических данных на приграничном посту Добын показал, что среднемноголетний сток реки Иле с 2001 по 2020 годы составляет 13,8 кубокилометров.

«Таким образом, на сегодняшний день угроза повторения судьбы Арала озера Балкаш не грозит», - подчеркнул вице-министр.

Замглавы Минэкологии заявил также, что принципиальная позиция казахстанской стороны в переговорном процессе по водodelению с Китайской Народной Республикой – сохранить приток реки Иле в объеме не менее 12 кубокилометров.

«Позиция нашей страны заключается в учете интересов экосистемы при водodelении. В этой связи казахстанская сторона позиционирует озеро Балкаш как один из основных водопотребителей реки Иле. Мы не

пускаем ни одного случая заявить, что оз. Балкаш зависит от объема стока реки», - добавил Серик Кожаниязов.

Вице-министр отметил также, что и китайская сторона не заинтересована в возникновении экологического бедствия на территории близ своей границы.

«Свидетельством тому является то, что на 17-ом заседании Совместной комиссии в октябре 2019 года в Пекине китайская сторона при обсуждении проекта Соглашения о водodelении трансграничных рек согласилась учитывать интересы развития и сохранения экосистем Сторон, что имеет особое значение для экологического состояния озера Балкаш», - проинформировал Серик Кожаниязов.

*Официальный сайт Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК.*

## СУ ТАСҚЫНЫ ЖАҒДАЙЫНА МОНИТОРИНГ ЖАСАУ МАҚСАТЫНДА ЕЛОРДА МАҢЫНДАҒЫ АУМАҚТАРҒА ӘУЕДЕН БАҚЫЛАУ ЖАСАЛДЫ

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Роман Скляр, төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин, экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Серік Қожаниязов пен Ақмола облысының әкімі Ермек Маржықпаев елорданың шекара маңындағы аумақтарында су тасқыны жағдайына мониторинг жүргізу мақсатында әуеден бақылау жасады.

Ұшу барысында 42-разъезд, Қажымұқан, Қоянды, Талапкер, Қараөткел, Жібек жолы, Қосшы, Тайтөбе, Қызылжар елді мекендерінің аумақтарына аэровизуалды барлау жүргізілді. Астана су қоймасы мен Нұра өзені арнасының бойындағы Преображенск су торабының жағдайы тексерілді. Бақылау кезінде қардын еру процесі тұрақты жүріп жатқаны байқалды. Су шайған аймақтар жоқ. Тәулік бойы жерден және жер серігі арқылы қашықтан зондтау мониторингін жүргізу жалғасуда. Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарының кейбір өзен аумақтарында сең жүру үдерісі басталды.

Қауіптің алдын алу үшін Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының өзендері мен көлдерінде мұз жару жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының су қоймаларында су жинауға қажетті орындар әзірленуде.

*ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайты.*



## КАЗАХСТАН И КЫРГЫЗСТАН СОГЛАСОВАЛИ РЕЖИМЫ РАБОТЫ ВОДОХРАНИЛИЩ И ГРАФИКИ ПОДАЧИ ВОДЫ НА РЕКАХ ШУ И ТАЛАС НА ВЕГЕТАЦИОННЫЙ ПЕРИОД

В режиме видео-конференции состоялось 28-е заседание Комиссии Республики Казахстан и Кыргызской Республики по использованию водохозяйственных сооружений межгосударственного пользования на реках Шу и Талас.

Казахстанскую группу возглавил вице-министр экологии, геологии и природных ресурсов Серик Кожаниязов, кыргызскую – заместитель директора Государственного Агентства водных ресурсов при



Правительстве Кыргызской Республики Абдыбай Джайлообаев.

В работе Комиссии также приняли участие представители министерств экологии, геологии и природных ресурсов, иностранных дел, акимата Жамбылской области, водохозяйственных учреждений и организаций.

По итогам заседания Комиссией согласованы режимы работы водохранилищ на реках Шу и Талас и утверждены графики подачи воды по межгосударственным каналам на вегетационный период 2021 года.

Кроме того, утверждены виды и объемы ремонтно-восстановительных

работ на водохозяйственных объектах межгосударственного пользования.

Комиссия также утвердила Стратегическую программу действий для бассейнов рек Шу и Талас, в рамках которой будут реализованы мероприятия по укреплению водного сотрудничества при поддержке международных финансовых организаций.

Отметим, следующее заседание Комиссии пройдет в 4 квартале текущего года в городе Бишкеке.

*Официальный сайт Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК.*



«КӨЛСАЙ КӨЛДЕРІ», «АЛТЫН-ЕМЕЛ» ЖӘНЕ «ШАРЫН» ҰЛТТЫҚ ПАРКТЕРІН ДАМУҒА ҮШІН 14,5 МЛРД. ТЕҢГЕ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТЫЛДЫ

Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін «Алтын-Емел», «Көлсай көлдері» және «Шарын» ұлттық парктөрінің учаскелерін ұзақ мерзімді пайдалануға беруге арналған конкурстардың нәтижелері туралы хабарлайды.

Конкурсқа қатысу үшін әлеуетті инвесторлардан барлығы 6 өтінім берілді. Конкурстық құжаттардың жобалары аталған ұлттық парктөрінің ресми интернет-ресурстарында орналастырылғанын, әр ұлттық парк бойынша конкурстарға қатысушылармен алдын ала талқылаулар жүргізілгенін атап өткен жөн.

Өткізілген конкурстар нәтижесінде «Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі бойынша «Таунтон Плюс» ЖШС құрамдағы консорциум атынан «QazaqGeography» РҚБ, «Көлсай көлдері» бойынша «Атырау-Рент» ЖШС, «Алтын-Емел» бойынша «Asemtal» ЖШС құрамындағы

консорциум атынан «QazaqGeography» РҚБ өткізілген жеңімпаздар болып танылды.

Естеріңізге сала кетейік, мемлекеттік ұлттық табиғи парктөрі аумағында экологиялық туризмді дамыту мақсатында «Алтын-Емел», «Көлсай көлдері» және «Шарын» ұлттық парктөрінде экологиялық туризмді дамыту Тұжырымдамаларының тұсаукесерлері әзірленіп, өткізілді. Оларды талқылауға шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін осы ұлттық парктөрі жанынан құрылған Қоғамдық кеңестердің мүшелері қатысты.

Тұжырымдамада туристік маршруттар мен соқпақтардың дамуына, туристік нысандарды күрделі құрылыссыз орналастыруға басты назар аударылған сондай-ақ, қазіргі заманғы визит-орталықтарын, глэмпингтер, кемпингтер, қазақ ауылдары мен керуенге арналған орындарды құру көзделген.

Сонымен бірге қабылданған Тұжырымдамаларға сәйкес

экотуризм инфрақұрылымын дамыту тұрғысынан Алматы тобындағы ұлттық парктөрінің бас жоспарларын түзету бойынша жұмыстар жүргізілді.

Бұл ретте, туристік-рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін ұлттық парктөрінің учаскелері ұлттық парктөріде туристік-рекреациялық қызметті жүзеге асыру Ережелеріне сәйкес конкурстық рәсімдер өткізілгеннен кейін ұзақ мерзімді пайдалануға беріледі.

Осылайша, Тұжырымдаманы іске асыру үшін үш ұлттық парк бойынша 14,5 млрд.теңге, оның ішінде Шарын ұлттық паркі бойынша 4,5 млрд. теңге, «Көлсай көлдері» бойынша 5 млрд. теңге, «Алтын-Емел» бойынша 5 млрд. теңге көлемінде инвестициялар тартылды.

**ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайты.**

Өңірлік жаңалықтар- региональные новости

ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ БУДУТ РЕШАТЬСЯ СОВМЕСТНО С МЕСТНЫМИ ЭКОАКТИВИСТАМИ



Министр экологии, геологии и природных ресурсов РК Мағзум Мирзағалиев во время недавней рабочей поездки в Актюбинскую область встретился с местными экоактивистами. На совещании, прошедшем в непринужденной обстановке, были обсуждены основные экологические проблемы региона, заслушаны предложения представителей общественности. Активисты региона отметили необходимость экологического просвещения, формирования

экокультуры, совершенствования образовательной работы.

Министр назвал новый Экологический кодекс, подписанный Главой государства 2 января 2021 года, реформаторским документом, который призван изменить ситуацию, рассказал о его важнейших направлениях.

«Ваши предложения по хромсодержащим отходам крупных загрязняющих производств области и химическим отходам в городе Алга обоснованы. По проекту рекультивации в г.Алга Правительство готово выделить средства. Посетив Актюбинский завод ферросплавов и завод хромовых соединений, я напомнил о необходимости ускорения работы по внедрению передовых технологий, установке фильтров», - сказал глава ведомства.



По словам министра, накопившиеся экологические проблемы в регионе можно эффективно решить только при участии местного сообщества.

«Региональный департамент экологии также усилит взаимодействие с населением», - добавил глава ведомства.

Напомним, в ходе рабочей поездки в Актюбинскую область Мағзум Мирзағалиев посетил крупные предприятия-природопользователи, ознакомился с их работой по охране окружающей среды. Также состоялось рабочее совещание по ознакомлению общественности с нормами нового Экологического кодекса.

**Официальный сайт Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК.**

ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТТЫ ҚАЛДЫҚТАР ПОЛИГОНДАРЫН ЗАҢДАСТЫРУ

Ақмола облысында Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес тиісті құжаттамасы бар 23 қолданыстағы ҚТҚ полигоны бар.

Бүгінгі күні Ақмола облысының аумағында қайталама шикізатты жинауды, мүдделі тұлғаларға одан әрі сату үшін сұрыптауды жүзеге асыратын 4 кәсіпорын жұмыс істейді:

1. «Ls Kokshetau» ЖШС, Көкшетау қаласы;
2. «Экопромбурбай» ЖШС, Бурбай ауданы, Щучинск қаласы;
3. «ЭкоСервисБурбай» ЖШС, Бурбай ауданы, Щучинск қаласы;
4. «Баян» ЖК, Целиноград ауданы, Қабанбай батыр а.;

